

КӨЛЕҢКЕЛІ ЭКОНОМИКАМЕН КҮРЕС БАСТАЛДЫ

Көлеңкелі экономиканың түбіріне балта шабуға осы жолы Үкімет шындыра кіріскендей. Серік Ахметов бастаған министрлер кабинеті бұл бағытта арнайы екі жылдық жоспар құрып жатыр. Енді фирмаларды құру, баспананы заңсыз жалға беру, көшеде рұқсатсыз сауда жасау, ауылда сүт пен ет сату сияқты көлеңкелі табысқа тосқауыл қойылмақ. Атқарушы билік бизнес біткеннің бәрін заңдастырып, бюджет қоржынына біраз қаржы түсіруді көздеп отыр.

Қолма-қол ақшадан бас тартып, электронды сауда-саттыққа көшуді Үкімет көлеңкелі экономикамен күресудің басты шарасы ретінде қарастыруда. Өйткені электронды жүйе арқылы ақшаның алыс-берісін толығымен бақылауға болады. Ал қолда жүрген қаражатты қадағалау қиын. Соңғы жылдары еліміздің ірі қалаларында банкоматтар мен терминалдар арқылы электронды ақша айырбастың көлемі артып келеді. Алайда облыс және аудан орталықтарында оның көрсеткіші тым мардымсыз. Содан болар, сан алуан бағдарламалар бойынша өңірлерге бөлінетін бюджет қаржысы талан-таражға түсіп, диттеген жеріне дұрыс жетпей жатқаны жасырын емес.

Алдағы уақытта ел Үкімет кәсіпкерлерге электронды төлемдер жүйесін енгізуді міндеттемек. «Біз сауда және

ды, сондай-ақ SIM-карталары бар бақылау қасалық машиналарды кеңінен қолданатын боламыз. Валютаны қолма-қол ақшаға айналдыру көлемін төмендету мақсатында екінші деңгейлі банктерде ірі төлемдерді жасағаны туралы хабарлама беру міндеттеледі. Сондай-ақ заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін банк есеп-шоттарынан ақша алудың шекті лимиті енгізу де жоспар да бар. Соның арқасында электронды айырбастың көлемі жыл сайын 5 пайызға өсетін болады», – деді ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Ерболат Досаев. Оның айтуынша, болашақта салық және кедендік төлемдерден да жалғару оңайға соқпайды. Себебі барлық салық төлеушілердің құжат айналымы электронды түрде жүргізіледі. Ондайда кейбір пысық кәсіпкерлер жалған есеп-қисап



дені сауда саласына тиесілі. Кейбір ресми мәліметерге сәйкес, сауданың көлеңкелі экономикаға қосып отырған «үлесі» бір триллион теңгеден асып жығылады екен. Қазір елімізде базарлардың үлесі 50 пайызды құрап отыр. Оған жабайы сауданы тағы қосыңыз. Ал сауда орталықтары сияқты заңды нысандар тек 17 пайызды ғана еншілейді. Осыған байланысты базарларды «қазіргі форматқа», яғни заманауи сауда орталықтарына көшіруді заңды түрде бекіту көзделіп отыр. Бүгінде ондай орталықтардың құрылысын «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында қолға алу ұсынылады. Ал сауданы заңды түрде жүргізгісі келмейтіндергі әкімшілік жауапкершілік күшейтілмек.

Жылжымайтын мүлік саласында баспананы заңсыз жалға беріп жүрген жеке тұлғалар үшін де жаза жеңіл болмайды. Себебі бүгінде көлеңкелі экономикадағы

Дүниежүзінде «көлеңкелі экономиканың» еншісі ең көп мемлекеттер қатарына 2012 жылы Болгария (ЖІӨ-ге шаққанда 31,9%), Румыния (29,1%), Литва (28,5%) және Эстония (28,2%) кірді. Ресми дерек бойынша 2007-2013 жылдар аралығында «жалған кәсіпорын» ретінде танылған салық төлеушілердің саны 1 мың 352-ні құрады. Олардан мемлекетке жалпы сомасы 193 миллиард теңге шығын келген.

жылжымайтын мүлікке қатысты операциялардың басым бөлігі баспананы заңсыз жалға беруден байланысты болып тұр. Ондайда ел бюджетіне ешбір салық төленбейді. Министр Е.Досаевтың мәліметіне сәйкес, осыдан екі жыл бұрын жылжымайтын мүлік операцияларының жалпы сомасы 697,9 миллиард теңгені құраған. «Осыған байланысты баспананы жалға беріп жүрген жеке тұлғалар үшін табыс салығын төлеу мен салық органдарына тіркелу бойынша тиісті жауапкершілікті заңды

түрде күшейту ұсынылып отыр», – дейді ол.

Қазіргі кезде көлеңкелі экономикада ауыл шаруашылығы мен көлік саласының да үлесі айтарлықтай. Сондықтан ауылдағы малды, ет пен сүт өнімдерін сатып жүрген азаматтар, сондай-ақ жүк тасымалын рұқсатсыз жүргізетіндер бара-бара салық төлеуге міндеттелетін сынайлы. Оған дейін билік арақ-шараптың заңсыз айналымын ретке келтіреді деген сенім бар. Өйткені оның үлесі сүт пен еттен әлдеқайда көп болып тұр.

Қазақстандағы көлеңкелі экономиканың басым бөлігі саудаға (22,9 пайыз) тиесілі. Одан кейін ауыл шаруашылығы (15,6 пайыз), көлік (14,1 пайыз) және жылжымайтын мүлік нарығы (12 пайыз) келеді. Жалпы, көлеңкелі экономиканың орташа көрсеткіші 19-20 пайыздың шамасында. Дамыған мемлекеттерде де ондай мәселе бар. Алайда ол жақта жасырын экономиканың үлесі 10-12 пайыздан аспайды.

қызмет көрсету саласында құжаттарын жасай алмайды. Сөз POS-терминалдарды орнату- жоқ, көлеңкелі экономиканың

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Тексеру тыйылатын болды

Үкімет үстіміздегі жылдың сәуір айынан бастап тексеруден әбден запы болған шағын және орта бизнес өкілдерін мемлекеттік органдардың жоспарлы тексеруінен босатпақшы. Мемлекет басшысының 2014 жылдың 27 ақпанындағы Жарлығына байланысты 2 сәуірінен 2015 жылдың 1 қаңтарына дейін аталған кәсіпкерлер санатына жоспарлы тексеру тоқтатылады. Яғни, нәсібін кәсібінен тапқан, алым-салығын уақытылы төлеп, өзге жұртқа да нәпақа тауып беріп отырған кәсіпкерлер енді мемлекеттік тексерушілерді бұйырса, бір жыл көрмейді.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев биылғы жылдың 27 ақпанында шағын және орта бизнес саласында қолданылатын шараларды үйлестіруге қатысты Жарлыққа қол қойған болатын. Бұл жарлықтың мақсаты – елімізде кәсіпкерлікті жақсарту. Аталған Жарлықты орындау 6 кезеңге бөлінген. Оның біріншісі – мораторий. Екінші – 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап, шағын және орта бизнеске жүргізілетін жоспарлы тексеруді алып тастау. Үшінші – ҚР Парламенті Мәжілісіне қолданыстағы заңнамаларға өзгерістер енгізуге ұсыныс жасау. Бұл арада нарық талабына жауап бермейтін заң нормаларына өзгерістер енгізу болып отыр. 2015 жылдың 1

қаңтарына дейін өзін-өзі реттейтін ұйымдар қызметі мәселелері бойынша заң жобасын ұсынуы қажеттігін тапсырған Елбасы. Сондай-ақ төртінші кезең – 2015 жылдың 1 қаңтарына дейін мемлекеттік органдар арқылы ықтималдық жүйесін анықтаудың тәсілін дайындау. Егер кәсіпкер заңның барлық талабын орындаса, тексеруші органдар оған мүлдем бас сұқпайды. Осылайша, үш дәліз қалыптасады. Жасыл, сарғыш, қызыл. Жасыл – бұл ешбір заңнаманы бұзбаған кәсіпкер үшін даңғыл жол. Бесінші – кәсіпкерлікте бір терезе жүйесін енгізу. Халыққа қызмет көрсету орталығы секілді кәсіпкерлердің қызмет көрсету орталығы арқылы кәсіпкер бір ғана



құжат беретін болады. Ол – өтініш. Мысалы, бұрын кәсіпкер қандай да бір жер алу үшін 9 құжат жинауы керек еді. Енді ол құжаттарды соған жауапты органдар өздері жинақтайды. Алтыншы – Кәсіпкерлер кодексі. Бизнеске қатысты заңнамалар, кәсіпкерлікке қатысты нормативтер көптеп кездеседі. Ал біз кәсіпкердің құқын бір ғана заңдық құжат анықтағанын мақсат тұтамыз. Кез келген кәсіпкер осы кодекстің нормаларын ұстанып, өз кәсібін жүргізе алады.

Мемлекеттік органдар бизнес ортаны заңсыз, артық тексерулерімен мазалаймайды. Тексерулер бір күннен бірнеше айға дейін созылатын кездер болған. Сондықтан да бұдан былай кәсіпкерлер оларды тексеретін инспекторларға қағаздайындаудан құтылады. Егер кәсіпкер тексеру қортындысымен келіспесе, ол сотқа жүнігетін. Ол сот бірнеше айға созылған жағдайлар бар. 6 айға созылған сот үрдісі де бар. Соның салдарынан сыбайлас жемқорлықтың ортасы қалыптасты. Енді олар жойылмақ.

Аққа Құдай Жақ

Қазіргі таңда ақ адал кәсіпкерге қара күйе жағып, заматта алаяқ қылу оңай болып тұрғаны жасырын емес. Таяуда ғана Тәуелсіз кәсіпкерлер қауымдастығының президенті, қоғам белсендісі Талғат Ақовқа іздеу жарияланғаны жайындағы ақпаратты ақпарат құралдары жарыса жазғаны белгілі. Сот орындарының мәлімдеуінше, Талғат Ақуов бизнестегі әріптесі Николай Кан есімді кәсіпкерге қарызын қайтармай, қашып жүр екен-мыс.

Уәдеден тайқығыш Кан

Лап ете қалған отты сөндіру өте қиын. Сөнген күнде де шаласы біразға дейін бықситыны анық. Тәуелсіз кәсіпкерлер қауымдастығы президентінің басындағы жағдайға қатысты да осындай теңеу айтуға болады. Таяуда осы мәселеге қатысты Талғат Ақов Алматыда журналистердің басын қосып, істі сан-саққа жүгірткен тілшілер қауымының сұрақтарына жауап беріп, өзінің еш жаққа қашпағанын, жаланың құрбаны болғанын жеткізді. Оқиға қарқын алған сәтте Талғат Ақуов Қарағанды қаласында ота жасатып, дәл уақытында бұқаралық ақпарат құралдарымен кездесіп, түсінік бере алмағаны белгілі. Ота жасалғаннан кейін бір аптадай күтінуге тура келген. Ал осы аралықта еліміздегі шағын және орта бизнес өкілдерінің мүддесін көздеп, шырып болып жүрген Талғат Ақуовқа Николай Кан барынша күйе жағып қалуға тырысқаны өкінішті.

Ендігі кезекте даудың қалай тұтанғанына келсек. Кезінде Тәуелсіз кәсіпкерлер қауымдастығының қолдауына ие болып, бизнесін өркендеткен Николай Кан қауымдастықтың жұмысын жандандыру мақсатында қоғамдық ұйымға 46 млн. теңгені 5 жылға жылдық үстемесі 20 пайызбен қарызға береді. Осылайша екі жақ арнайы келісімшартқа отырып, қарызды заң аясында рәсімдеген. Келісім бойынша қауымдастық қарызды 5 жыл ішінде біртіндеп толық өтеуге уағдаласқан. Өкінішке орай, осы аралықта теңге құнсызданып, елімізде бірқатар экономикалық қиыншылық орын алғаны белгілі. Бірақ қандай қиыншылықтар орын алса да Тәуелсіз кәсіпкерлер қауымдастығы алған қарызын келісімшартта көрсеткендей өтеп келген. Дәл осы уақытта қарыз беруші Кан мырза уәдесінен тайқып, қарызды

мерзімінен бұрын қайтаруды талап еткен. Қауымдастық қарызды келісімшартта көрсетілген мерзім аралығында толықтай төлейтіндігін айтқанымен, сертінді тұрмаған Кан сот орындарына жөнсіз шағымданып істі ушықтырды. Журналистермен жүздесуде Талғат Ақуов сот орындары Канның талап арызы негізсіз екенін айтып, екі мәрте оның ісін қараудан бас тартқанын алға тартты. Ата-бабамыз «дау кес адамға дау жоқ» деп бекер айтпаған ғой. Осылайша Н.Кан құқық қорғау органдарына үздіксіз шағымданып, сот орындаушылармен бірігіп ақ-адал кәсіпкер Талғат Ақуовтың атын қаралауға шындап кіріседі. Тіпті бұл іске қолына қалам ұстаған журналистер қауымын араластырып, елге танымал азаматты қылмыскер қылуға тырысуына қалайша түсінуге болады.

Жалған сөз жақсылыққа бастамайды

Н.Канның белсенді әрекетінің арқасында Алматы қаласының Әуезов аудандық соты қарызды мерзімінен бұрын қайтару турасында шешім шығарып, істі одан бетер ушықтыра түскені баршаға мәлім. Журналистер алдында түсініктеме берген қауымдастық президенті:

– Істің бұлайша ушығуына сот орындаушылар кінәлі деп есептеймін. Олар асығыс әрекетке бармай тұрып, төлем есептерін жақсылап тексерулері керек еді. Бұған дейін Н.Кан мені екі мәрте сотқа берген болатын. Өз кезегінде сот орындары істің қылмыстық құрамы жоқ екенін алға тартып, істі қараудан бас тартқан еді. Қазір Н.Канның өзі қоғам назарынан жоқ болып кетті. Қайда жүргені маған белгісіз. Өз басым Н.Канның мені сотқа беруін түсіне алмадым. Мен одан қарызды жеке қажеттіліктеріме жұмсау үшін алғаным жоқ



кой. Қарызды біздер Тәуелсіз кәсіпкерлер қауымдастығының жұмысын жетілдіру үшін алдық. Тіпті, бұл жерде Н.Канның қауымдастықты сотқа беретіндей жөні жоқ. Қоғамдық ұйым келісімшартта көрсетілген талаптардың бәрін толықтай орындап келеді. Сондықтан оның іс-әрекеті орынсыз деп есептеймін. Жалпы бизнесте қарыз алу, қарыз беру қалыпты жағдай болып саналады. Кәсіпкерлік салада әріптестік қарым-қатынас орнатқан бірнеше борышкерім бар. Олар келісімшарт бойынша қарыздарын өтеп жатыр. «Теңге құнсызданып кетті» қарызды мерзімінен бұрын қайтарындар деп оларды алқымынан алып, сотқа шағымдансам не болғаны. Иә, теңге құнсыздануы қарыз берушінің оң жамбасына келмегенін түсінемін. Бірақ мұндай тосыннан келетін қиыншылықтарға бола уәдеден тайқып кетуге болмайды, – деп Талғат Ақуов даудың қалай тұтанғанын журналистерге түсіндіріп берді. Бұдан кейін ол дау шегіне жеткен 4 наурыз күндері Қарағанды қаласындағы емханалардың бірінде ота жасатып, бұл мәселеге байланысты ойын білдіре алмағанын тілге тиек етті. Ол ем қабылдағанын дәлелдейтін дәрігерлердің анықтамасын журналистер алдына жайып салды. Талғат Ақуов борышкерге қарызды ай сайын банк арқылы төлеп келгенін алға тартты. Оқиғадан екі ай бұрын қауымдастықтың төлеп келген ақшасы Н.Канның есепшотына түспей қалған. Дәл осы уақытта ол істің байбына бармастан

Т.Ақуовты қаралап, құқық қорғау органдарына шағымданған. Дау қарқын алғанда қауымдастық президенті соторындаушылармен кездесіп, олармен кеңесіп, кездескен. Жүздесуде олар Т.Ақуовқа сотқа шақыру турасында ешқандай хат бермеген. Ал Н.Кан болса қауымдастық қызметкерлерімен байланысып, қажетті ақпаратын алып отырған. Осы жағдайларға қарамастан айыптаушы тарап, Т.Ақуов сот орындарынан жасырынып қалды деп жалған ақпарат таратып, істі ушықтырып жібергенін қалай түсінуге болады. Сот орындары Т.Ақуов еш жерде тұрақты тіркеуде тұрмағандықтан іздеу жариялағандарын алға тартыпты. Осылайша ақ-адал кәсіпкерді заматта алаяқтардың қатарына қосып жібергені бізге түсініксіз болып тұр. Егер Т.Ақуов жауапкершіліктен бұлтарса, Алматыда журналистердің басын қосып, түсініктеме бермес еді ғой. Осы жайттан-ақ бұл істің қолдан ұйымдастырылғанын аңғару қиын емес. Айтпақшы, журналистер жиналған басқосуға Тәуелсіз кәсіпкерлер қауымдастығы президентіне іздеу салып, соңының шарқ ұрып «іздеп» жүрген соторындаушылар, не болмаса Н. Кан мырзаны көре алмадық. Олар өздерінің іс-әрекеттеріне сенімді болса, баспасөз мәслихатына қатысып, ойларын ашық айтуы керек еді. Осы бір жайттан-ақ бұл істе Т.Ақуовтың әділетсіздіктен жапа шегіп отырғанын байқауға болады. Осылайша әділдіктің қай жақта екенін байқадық.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Электронды сауда дамып келеді

Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Зерде» ұлттық ақпараттық-коммуникациялық қорының басқарма төрағасы Мирболат Аюпов елімізде электронды сауданың дамуы – қоғамның алға ілгерілегендігінің бір көрсеткіші екенін алға тартты. Электронды сауданың өсу қарқынын арттыру үшін мәліметтер берудің инфрақұрылымын дамыту қажет. Бұған қоса, контенттің, сервистің пайда болуына басымдық берілуі тиіс. Аталмыш мәселелер Қазақстанда толық шешілген.

Бүгінде экономиканы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласынсыз көз алдымызға елестету мүмкін емес. Сол себепті өткен жылы «Ақпаратты Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасы қабылданған болатын.

Бағдарламаның басты мақсаты – ақпаратты қоғамға өту үшін қажетті шарттар жасау. Себебі өмірдің барлық салаларында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу заманауи шынайылықтың көрінісіне айналған.

– Заң жобасын әзірлеуге барлық интернет-қауымдастық қатысты дей аламыз. Олар өздерінің мүдделері мен құқықтарын талап етіп, оның құжатта қарастырылуына қол жеткізді. Мысалы, электронды шот-фактураның енгізілуі үлкен жетістік боп табылады, – деді басқарма төрағасы.

Быыл «Зерде» ұлттық ақпараттық-коммуникациялық қоры 10 жаңа кәсіби стандарт әзірлейді екен. Нәтижесінде, инновациялық орта үшін сұранысы жоғары бірқатар мамандықтар пайда болатын көрінеді. Бұл туралы қор басшылығы былай деді: «Өткен жылы біз басым мамандықтар бойынша 5 стандарт әзірледік. Осы жылы тағы 10 стандарт кезекте тұр. Бұл стандарттар инновациялық саланың бүтіндей халықаралық тәжірибесінің синтезі боп табылады. Менің ойымша, бұл стандарттар тек номиналды ғана емес, сондай-ақ оның базасында университеттер өз бағдарламаларын құратын стандарт болады».

Мамырға дейін тариф өспейді

Ағымдағы жылдың мамыр айына дейін реттелетін қызметтердің тарифтерін өзгертуге 1 мамырға дейін мораторий жарияланған. Бұл туралы Парламент Мәжілісіндегі Үкімет сағатында Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің төрағасы Мұрат Оспанов мәлім етті.

Қазіргі таңда агенттік инфрақұрылым реттеуші ретінде 1186 табиғи монополия субъектісіне реттеу функциясын және 182 доминантка қатысты баға белгілеу функцияларын жүзеге асырады. 2013 жылы тарифтерді қарау жұмысының нәтижесінде 1073 өтінім қаралып, 406 өтінімнен бас тартылған. 29-ы бойынша тариф төмендетілген. Доминант субъектілердің тариф көтеруге қатысты 55 хабарламасынан бас тартылып, 22 тариф төмендетілген.

«Реттелетін коммуналдық қызметтердің тарифтері Үкімет ұсынған инфляцияның жоспарланған дәлізі шегінде өзгертіледі. Былтыр инфляцияға үлес 1,15 пайыз деңгейінде қамтамасыз етілді. Биылғы жылы жұмыс жалғасады. Токтала кететін жайт, ағымдағы жылдың 1 мамырына дейін реттелетін қызметтердің тарифтерін өзгертуге мораторий жарияланған», деді агенттік басшысы М. Оспанов.



НЕСИЕ СИНДРОМЫ

Ұлттық банк нормативті қысқарту арқылы тұтыну несиелері өсуіне тосқауыл қоюды жоспарлауда. Тұтыну несиесі бойынша жылдық ең жоғары көрсеткіш өсімі Астана (61 млрд теңгеден 161,5 млрд теңгеге дейін) мен Алматы қалаларының үлесінде. 2012 жылдың қарашасынан 2013-тің қарашасы аралығында тұтыну несиелерінің көлемі 48 пайызға өскен.

Банктер дағдарыстан сабақ алмады

Елімізде берілген тұтыну несиелерінің көлемі 2 трлн теңгеден асып кетті. Бұл дегеніміз, коммерциялық банктердің жиынтық несиелер портфелінің 18 пайызын құрайтынын көрсетеді. Яғни, тұтыну несиелерін де оңды-солды беріп, проблемалы қарыздардың көрсеткішін тағы да көтеріп алғанын банктер байқамай қалды. Егер аталған соманы 17 миллион адамға бөлетін болсақ, әрбір үшінші қазақстандық тағы да мойнына қарыз іліп алған болып шығады. Ал сол 17 миллион адамның тек үштен бірі ғана еңбек етуге қабілетті екенін ұмытқанбыз. Отандық банк секторында тағы да дисбаланс туындай бастауы мүмкін. Мұның себебін іздейтін болсақ, ең алдымен банктердің клиент үшін бәсекесінен іздеуге тура келеді. 2008 жылғы дағдарыстан кейін есін жинай бастаған коммерциялық банктер жеңіл жолды таңдады. Қайтарымы тез болатын несиелерді көздерін іздестіріп, оны тұтыну секторынан тапты. Қарап отырсаңыздар, бізде ғана емес, бүкіл әлемде материалдық құндылық бірінші орынға шыққан. Банктер адамдардың осы әлсіздігін дөп басып, бағыттарын осылай қарай бұра қойды. Жаңа технология бойынша шығарылып жатқан жаңа техникалар да адамдардың көз құртына айналуға бастады. Материалдық құндылықтар соңынан жүгіру нағыз дүрбелең тудырып, клиент үшін талас тудырды. Банктер де бірінен-бірі асып түскісі келіп, небір қымбат тұтыну заттарын несиелерге бере бастады. Осылай елімізде тұтынушылар мен импортқа деген сұраныс өсуде. Бұл өз кезегінде ертеңгі күні проблемалық

активтерді де көбейтпесе, азайтпайды.

Тұтыну несиелері бойынша пайыздық мөлшерлеме стандарттық несиелеріне қарағанда жоғары болып есептеледі. Яғни банктер қазіргі кезде осылай өздерінің кейбір шығындарының бір бөлігін тұтыну несиелері есебінен жабуда деген сөз. Сарапшылардың айтуынша, егер экономикалық талықсу (шок) орын алатын болса (мұнайдың әлемдік бағасы төмендесе деген сөз), банктерді мұндай ойын құтқара алмайтыны белгілі екенін сарапшылар алға тартуда. Шикізат тауарларын сатудан түсетін түсімдердің көлемі қысқара қалған жағдайда, мемлекет шығаратын шығын деңгейіне әсер ететіні белгілі. Ақша массасы қысқарып, тұтынушылардың сатып алу қабілетіне де әсер етеді. Сарапшылар 2 трлн теңгеге үлестірілген тұтыну несиелері қазіргі мұнай бағасының жоғарылығына қарамастан, шошыта бастаса, экономикалық талықсу болған жағдайда, еліміздің банк секторын күйреуге апарып, соқтыруы мүмкін екендігін айтып, ескерту жасаған болатын.

Тұтыну несиесі 30 пайыздан аспайды

Бөлшек несиенің банктер үшін табыс көзінің біріне айналып отырғаны анық. Өйткені тұтынушыларға берілген несиенің қайтарылмай қалу мүмкіндігі де соншалықты жоғары емес. Егер сарапшылар ескерткеніндей, халықаралық нарықтарда мұнай бағасы төмендейтіндей ахуал туа қалса, тұтынушылардың төлем қабілетіне де әсер етпей қоймайтыны белгілі. Тұрғындар алған тұтыну несиелерін жабуда үзілістер жасап, кешіктіріп жататын болса, экономикалық ахуалдың нашарлай бастауының дабылы болатынын да естен шығармау керек шығар. Ал ондай



кешіктірулер қазірдің өзінде бой көрсете бастағанын сарапшылар айтып та отыр.

«Қазірдің өзінде бір адамның мойнына үш-төрт несиелен артулы. Бұдан ары қарай бөлшек несиелер көлемінің артуы мүмкін емес. Себебі әр нәрсенің де шегі болады. Оның үстіне теңге девальвациясы да тұтынушылардың төбетін біразға дейін тыятыны рас. Ал банктер болса, клиент үшін бәсеке барысында төлем қабілеті төмен азаматтарды да тартып, оларға тәуекелі жоғары несиелерді ұсынатын болады. Бұл несиелік тәуекелділікті көбейте түседі» деген пікірді білдірген Standard & Poog's агенттігінің сарапшылары қазақстандық екінші деңгейлі банктердің бүгінгі жағдайына баға берді.

Тәуекелді күшейтіп, банктерді екінші рет тағы да тығырыққа тірейтін болса, ондай тұтыну несиелеріне тоқтау салу керек деген шешімге келген Ұлттық банк осы мәселені шындап тұрып қолға алмақшы. Алдағы уақыттан бастап, әр банктің несиелер портфелінен берілетін тұтыну несиесі оның көлемінің 30 пайызынан аспауы тиіс деген мөлшер белгіленеді. Және де осы уақытқа дейін беріліп келе жатқан несиелердей емес, енді қарыз алып, тауар сатып алам дейтін тұтынушының алатын қарызы ай сайын табатын табысының 50 пайызынан аспауы тиіс. Оған жетпейтін болса, банк несиелер бермейтін болады.

S&P рейтингтік агенттігінің сарапшылары мына мәселеге де жете назар аудару

керектігін еске салады. «Банктерде қарыз алушыларға ұзақмерзімді несиелер беріледі. Қарыз алушы оны өзгелер секілді ай сайын белгілі бір мөлшерін төлеп, жауып отырмайды, қайтару мерзімі белгіленген жылы бір-ақ төлейді» дейді агенттік сарапшылары. Біздің банктерде ондай несиелер көптеп орын алатын көрінеді. Міне, солардың қайтарылу мерзімі жеткен кезде проблеманың көкесі болуы мүмкін екен. Әзірше ондай несиелерді банктер проблемалық активтер қатарына жатқызбай отырған көрінеді. Қысқасы, шектен тыс несиелер берудің соңы осындай шешімі қиын жағдайға тіреп отыр.

2013 жылдың қаңтар-тамыз айларында тұтынушылық несиелер көлемі 1,3 трлн теңгеге жетсе, жалақы қоры 3 трлн теңге болды. Өткен жылы берілген несиелер көлемі жалақы қорының 29,5%, 2011 жылы - 22,4% құраған. Қазіргі таңда халық банктерден белсенді түрде несиелер алуға.

Егер 2012 жылдың алғашқы жарты жылдығында бір қазақстандықтың банк алдындағы берешегі 73,3 мың теңге болса, биыл бұл көрсеткіш 107,3 мың теңгені көрсетіп тұр. Жалпы тұтынушылық несиелер көлемі бір азаматтың тоқсандық табысынан екі есе көп. Бұл дегеніңіз оның алты айлық жалақысы. Осы бір қарапайым арфметикадан көп жайтты аңғаруға болады. Сондықтан тізгінді тартатын кез жетті.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Ауыр дерттен өндіріс қана құтқарады

Бүгінде Қазақстан ұзаққа созылатын ауыр дертті жұқтырғандай. Ел Үкіметі қабылдаған алғашқы бағдарламалар «импорталмастырғыш өндіріс құруды» көздеген еді. Сол бағдарлама бойынша жұмыс істеген бірқатар салалар бұл күндері қанатын қатайтып, бұғанасын бекітіп алды. Айталық, «Қазақстан темір жолы ұлттық компаниясы» АҚ солай жұмыс істеу арқылы экспорттық өтімділігі жоғары өндіріс те құрып шықты.



Қанша жерден «табысты» десек те «Қазақмыс», «Қазцинк», «KEGOC», «ҚазМұнайГаз» және металлургия саласындағы бірқатар жекеменшік компаниялардың мемлекетімізге бергені мен сырттан импорттайтындары шамалас деуге болады. Сол себептен де олар үнемі теңге бағамының «күнсыздануын қалап» өмір сүріп жатыр.

Айталық, «KEGOC» компаниясы табыстан кенде емес, бірақ Қазақстан әлі де мол мөлшердегі электр энергиясын импорттап келеді. «ҚазМұнайГаз» ақшадан таршылық көріп жүр деп ешкім айта алмас. Солай бола тұрса да еліміз әлі де болса мұнай мен газ шикізатынан жасалатын талай-талай қарапайым бұйымдарды импорттауын ықшамдаудың орнына молайта түскен. Бұл компания шикізат өндірісін экстенсивті дамыту арқылы «тегін табысқа» кенелгеніне мәз болуын әлі қояр емес. Ол шикізат баршаға ортақ халықтық байлық екенін естен шығарғандай. Біз жоғарыда атағандай, экспорттаушы макроэкономикамыз кедергіге тірелмесе, теңгеміз кеше күнсызданбас еді.

Жоғарыда айтылғандардан шығатын қорытынды – Үкіметтің соңғы алқалы отырысында Елбасымыз ерекше атап көрсеткеніндей, ендігі кезекте табиғи қорларды экстенсивті түрде экспорттауға бағытталған өндіріс құру жобасынан бас тартып, импорталмастырғыш өндірістерге инвестиция бағыттаған жөн. Бұл жерде мүмкіндік жеткілікті. Біріншіден, ауыл шаруашылығында импорталмастырғыш өндірісті құру ісін осы бесжылдықта аяқтау тиісті салаға міндеттелуі тиіс. Екіншіден, отандық фармацевтика өндірісін қамтитын деңгейге жеткізуіміз қажет. Үшіншіден, жаяу әскерлер үшін қажетті қарапайым қару-жарақты берісі Ресей, әрісі Израильден импорттауға тыйым салатындай өндірісіміз болғаны дұрыс. Төртіншіден, құрылыс материалдарымен өзімізді-өзіміз толық қамтамасыз ететін кез жетті. Осылай істеп баспана бағасын түсіре аламыз. Бесіншіден, осы бесжылдықта электр энергиясы импорттың толық жоятындай

өндіріс құруды «KEGOC» компаниясына міндеттейтіндей кез жетті. Алтыншыдан, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы осынау табиғи шикізаттардан тұрмыстық қолданыстағы тауарлар өндірісін қолға алуға міндеттелуі тиіс. Олар әлі күнге дейін өздерін өздері пайдаланатын құбырмен де жабдықтай алар емес. Жетіншіден, әлемдік брэндтермен бірлескен кәсіпорындар құру арқылы ішкі рынокты электронды-тұрмыстық тауарлармен қамтамасыз ете алатындай жобалармен жұмыс істеген жөн.

Қысқасы, біз осы уақытқа дейін «экспорттық өндіріс көлемін ұлғайту» деген желеумен шикізатымызды өндіріп-экспорттауды экстенсивті түрде дамыттық. Оның қайда апарып тірейтінін бір мезеттік екінші девальвация дәлелдеп берді. Енді Үкімет және Әсет Исекешов жетекшілік ететін Индустрия және жаңа технология министрлігі, негізінен, импорталмастырғыш өндіріс құру ісін айналысса, ең дұрысы сол.

Жұмабек Жәнділдин

СҮТ ӨНДІРІСІНДЕГІ ТҮЙІТКІЛ



Қазір Қазақстан нарығына сүт және сүт өнімдерінің 73,3 пайызы шетелден оның ішінде Ресейден әкелінеді. Әрине, Қазақстан нарықтық экономика қағидатында өмір сүріп жатқандықтан, импортқа тыйым сала алмайды. Десек те, ішкі нарықты өзгеңі өнімі тұтастай жаулап алмасын десек, сүт және сүт өнімдерінің өндірісіне қатысты түйінделген жайттарға баса назар аударуымыз керек. Бүгінде біз үшін сүт және сүт өнімдері өндірісінің көлемін арттыру, бұл салада қауіпсіздікке бақылауды күшейту халықаралық техникалық регламентке жүгіну және сүт өнімін өндірушілерге барынша қолдау көрсету өте маңызды. Себебі Кендік одақ өз жұмысын бастағалы бері Ресей жағы өз жеңілдіктерін ескере отырып сүт жайында техникалық регламент құжатын дайындап та үлгерді. Аталмыш құжат Ресейде жасалғандықтан олар өз сүт өндірушілерінің мүддесін қорғауда. Ал тап осы сәтте Қазақстан жағы өз мүддесін қорғамаса елдегі сүт өнімін өндірушілер де, оны

тұтынушылар да зардап шегетіні анық. Сондықтан отандық өндірушілердің мүддесін қорғап алу үшін бірінші кезекте біз мынадай жайттарға назар аударуымыз керек. Біріншіден, сүт өнімдерінің өндірісін арттыру және ішкі тұтынуға импорттың үлесін төмендету мақсатында осы саланы техникалық және технологиялық жетілдіру қажет. Екіншіден, кәсіпкерлікті ынталандыру және отандық сүт өнімдерінің бәсекелестігін жоғарылатуға бағытталған бірқатар жүйелі шаралар атқару керек. Міне, мамандар тарапынан айтылып отырған осы басты ұсыныстар қолдау тапқанда ғана «қазақтың сүт өндірісінің шырайы еңбек».

Жалпы, деректерді мысал етсек, біздің ішкі нарықтағы ресейлік өнім деңгейі былтырғы жылмен салыстырғанда биыл едәуір өскен. Мәселен, биылғы жылы ішкі нарыққа көршіден келіп түскен сары май – 31 пайызға, сыр – 61,3 пайызға, қоюлатылған сүт пен кілегей 85,3 пайызға артқан. «Нақ осы көрсеткіштерге алаңдауға

Қазақстанда 90 пайыздан астам мал басы жекеменшіктің қолында болғандықтан, алынатын шикізаттың сапасы қайта өңдеуге және өнімдер шығару үшін тиісті талаптарға сай емес. Бұған қоса көптеген сүтті қайта өңдейтін кәсіпорындар ескі, тозығы жеткен, қолдануға жарамсыз құрал-жабдықтармен жұмыс істейді. «Мұның соңы сапалы өнім алу қуаттылығын төмендетеді. Осыдан барып, бүгінде ішкі нарықтағы сүт және сүт өнімдерінің импорты шикізат күйінде есептегенде 46,3 пайызды құраса, өңделген сүт өнімдерінің импорты 27 пайызды құрап отыр» деседі мамандар.

тиіспіз» деген мамандардың бір парасы – тіпті қазақтың қою қаймағының сапасы да төмендей бастағанын жасырмай отыр.

Қазір отандық нарыққа енетін құрғақ сүттің үлесі – 90 пайызға жеткенінен тіптен қауіптену керектігін алға тартуда. Негізінде елімізге енетін құрғақ сүттер сатылымға түскенде «сүт сусыны» болып аталуы тиіс. Бұған қатысты мамандар «әрбір тұтынушы дүкен сөрелерінде сәмсап тұратын сүт

ашық ақпарат тауарларымыздың сатылу деңгейіне кері әсер етеді» деп қорқады. Егер сол құрғақ сүттен жасалған сүт сусындардың барлығы дерлік қолдануға көмсе, онда кез келген сүт сусындарының құрғақ сүттерден жасалатынын тұтынушылардан жасыруға болмайды» дейді.

Кендік Одақ құрылғалы Ресей мен Беларусьтің сүті қазақстандық өнімді бәсекеге төтеп беруге шыдатар емес. Де-

межеге төмендейді деп сендіреді. Әрине, бұған біз қуанамыз. 2020 жылға дейін әлі алты жыл бар ғой. Мүмкін, сол алты жылдың ішінде отандық өнімнің ішкі нарықты қамту көрсеткіші расымен де 80 пайызды құрап қалар. Ендеше уақыт таразысына салып, мұндай ғажайыпқа да сену керек шығар...

Жұмаділда БАЯХМЕТОВ,
экономист-ғалым:

– Бүгінде Қазақстанда сүт тұтынудың орташа көрсеткіші жылына адам басына шаққанда шамамен 160 литрді құрайды. Бұл жылына есептегенде біздегі тұрғындардың күнделікті бір кесе де сүт ішпейтінін пайымдауға болады. Алайда, бұл көрсеткіштің өзі аймақтарда әр түрлі сипатқа ие. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысының тұрғындары сүтті жылына 100 литрден аз ішеді. Салыстыратын болсақ, Франция мен Германияда сүт және сүт өнімдері бір адамға шаққанда жылына 490 литрден келеді. Скандинавия елдерінде әрбір адам жыл сайын 500 литрден жоғары сүт және сүт өнімдерін пайдаланады. Дәл осы елдер әлем бойынша ұзақ өмір сүру жағынан алда келеді. Бағамдасақ, Қазақстан дамыған елдерге қарағанда сүт өнімдерін анағұрлым аз пайдаланады. «Қазақстан Сүт» одағы мамандарының айтуынша, елде сүт жетіспейді.

Қарлығаш Зарыққанқызы



өнімдерінің қорабына қарап-ақ, сүт және сүт сусынының айыра білуі керек. Сүт сусыны дегеніміз шекара сыртынан әкелінген құрғақ сүтті суға араластыру екендігі айтпаса да түсінікті. Бірақ мұндай ақпаратты ашық етіп беру сүт өндірушілердің көңіліне жақпайды. Себебі, олар «бұл

генмен, айта кету керек, еліміздің ауыл шаруашылығы министрлігі 2020 жылға дейін отандық сүт өндірісінің көлемін 1,7 млн тоннаға арттыруды жоспарлап отыр. Сөйтіп, аталмыш ведомство 2020 жылдары елімізге енетін сүт және сүт өнімдерінің импорты баржоғы 20 пайызды ғана құрайтын

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Стереотип мысқылдап шығады

Мемлекет бизнеске кедергі келтіріп отыр деген стереотиптен арылу қажет. Бұл пікірді таяуда ҚР Президенті жанындағы ОКҚ-нің брифингінде «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ-ның басқарма төрағасы Мақсат Мұқанов айтты.

«Бізде қазіргі уақытта екі стереотип қалыптасқан. Олардың қатарында мақсатты экономика мен «мемлекет бизнеске кедергі келтіріп отыр» деген жаңсақ пікір қалыптасқан. Осыған орай айтарым, мемлекет қазіргі уақытта экономиканы әртарапандыру бойынша жұмыс жүргізіп отыр. Қазақстан қазіргі уақытта өзінің алдына үлкен міндет қойған. ҮИИД бағдарламасын жүзеге асырып, индустрияландырудың екінші бесжылдығын әзірлеу бойынша жұмыс атқаруда. Бәрін бір уақытта жүзеге асыру мүмкін емес. Сондықтан түсіністікпен қарап, мемлекеттің бизнес саласындағы саясатына қолдау білдіру қажет», – деді М.Мұқанов. Қалай десек те шенеуніктердің өздеріне шаң жуытпайтын жақсы білеміз. Бүгінде шағын кәсіпкерлік сала мемлекет тарапынан шенеуніктер айтқандай қолдау көріп отырған жоқ. Бұл басы ашық әңгіме. Егер қадағалаушы органдардың шағын кәсіпкерлерге тырнағы батпаса, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев шағын және орта бизнесті тексеруге мораторий жариялама еді ғой. Мақсат Мұқановтың қоғамдық ортада шенеуніктердің бизнестің дамуына кедергі келтіріп отыр деген стереотип қалыптасты деп ақ жағалылардың сойлын соғуы орынсыз деп есептейміз. Біздіңше кәсіпкерлердің қаржылық



ресурстарға қолжетімділігі артып, ісін дамытуға жер телімдерін еркін ала бастағанда қоғамдағы стереотип өздігінен жоғалатыны анық. Ал оған дейін көпшілік қауым үшін жергілікті жердегі қадағалаушы органдар шағын және орта бизнес өкілдері үшін әзірейлі болып қала береді.

92 пайыз

ҚР Өңірлік даму министрлігі Кәсіпкерлікті дамыту саясаты департаментінің директоры Бауыржан Бекешев пен Кәсіпкерлікті дамыту комитетінің төрайымы Ғалия Жолдыбаева бизнеске тексеру жүргізуге мораторий енгізу туралы Президент тапсырмасын орындау жөніндегі шаралар туралы баяндады.


Басқосу барысында Ғалия Жолдыбаева кейінгі жылдардағы жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жүргізілген тексеру жұмыстарының қорытындысы туралы мәлімдеді.

– Өткен жылы мемлекеттік органдар 182 126 тексеру жүргізген болса, 2012 жылғы тексеру соңғы көрсеткіштен 25 пайызға азайғандығын байқауға болады (242 698 тексеру). Тексерулердің азайғандығына қарамастан, шағын және орта бизнес субъектілеріндегі олардың шоғырлануы байқалады. Шағын және орта бизнес субъектілерінің жалпы тексерудегі үлесі 92 пайызға тең болып отыр, – деді Ғалия Тағыбердіқызы.

Ал Қазақстан кәсіпкерлері палатасының Басқарма төрағасының орынбасары Заңғар Ноғайбай бүгін Орталық коммуни-

кациялар қызметінің брифингінде мораторийдің 100 пайыз салынбайтынын, ұлттық қауіпсіздік мәселесін естен шығаруға болмайтынын айтты. Себебі қауіпсіздік мәселесін, конституциялық қауіпсіздік, ұлттық қауіпсіздік және әділ заңдылық мәселелерін әзірге ешкім жоққа шығара алмайды. Мемлекет басшысының Жарлығында мораторийге қатысы жоқ 5 нақты оқиға атап көрсетілген. Мысалы, атом энергетикасы, радиоактивтік заттар сынды мәселелермен байланысты оқиғалар. Бірақ та мұндай тексерулер орталық мемлекеттік немесе жергілікті атқарушы органның бірінші басшысының шешімі негізінде жүргізілетін болады. Және тағы бір айта кететін жайт, ол тексерулер Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен келісілген болуы тиіс», – деп түсіндірді ол.

КЛУБ МҮШЕЛЕРІ ҚАШАНДА БАБЫНДА



«НГ» газетіне билығы чемпионаттың қалай өткені жайында әңгімелеп берген клуб жетекшісі өз ойын былай сабақтады:

– Тәуелсіз кәсіпкерлер қауымдастығы жанынан құрылған «Бильярд клуб» еліміз бойынша танымал спорттық ұйымдардың бірі. Біздер өз жұмысымызды он екі жылдан бері үздіксіз жалғастырып келеміз. Сондықтан кілең кәсіпкерлерден құралған біздің клубқа Алматыдағы тастаяқшылар айрықша құрметпен қарайды. Қазіргі таңда клуб мүшелері тәжірибесі мол, кез келген ірі

жарыстарға қатысып, тамаша ойын өргенін көрсете алатын мүмкіндікке ие. Клуб мүшелерінің алдын орап кететіндей команда жоқ. Жігіттеріміз бабында. Өз арамьздағы чемпионат үлкен жарыстарға дайындық үшін аса қажет, – деп клуб жетекшісі көкейде жүрген ойын ортаға салды.

Қазіргі таңда «Бильярд клуб» Қазақстанның бильярд қауымдастығымен тығыз қарым-қатынас орнатқан. Клуб мүшелері кәсіби бильярдшыларды қонаққа шақырып, шеберлігін шыңдап жүргенін «НГ» газеті бірнеше рет жазған болатын. Газетімізді

Тәуелсіз кәсіпкерлер қауымдастығы жанандағы «Бильярд клуб» мүшелері жыл сайын өз араларындағы мықтыларды анықтап тұратыны белгілі. Қалыптасқан дәстүр бойынша биыл да үздік ойыншы анықталып, ауспалы кубог өз иесін тапты. Бильярдтың «Абсолюттік чемпион» түрінен өзара сынға түскен кәсіпкерлер жылдың үздік ойыншысын анықтау үшін жыл басынан бері өзара тартысты ойын өткізгенін Жұмағұл Оразов алға тартты.

үзбей оқитын көзі қарақты оқырмандар Тәуелсіз кәсіпкерлер қауымдастығының «Бильярд клуб» мүшелері еліміздің және Украина мен Ресейдің тастаяқшыларымен тәжірибе алмасқанын жақсы біледі. Ж.Оразов алдағы еліміздегі бильярдшылармен де тығыз қарым-қатынас орнатып, клуб мүшелерінің кәсіби біліктілігін шыңдауға баса мән беріп жүретінін айта кетуіміз керек.

Тәуелсіз кәсіпкерлер қауымдастығының чемпионаты бірнеше жылдан бері

үздіксіз ұйымдастырылып келе жатқанын айтты. Мұны ауспалы кубогтың сыртында чемпиондардың жазылған атынан ақ аңғаруға болады. «Бильярд клубтың» жетекшісі Жұмағұл Оразов қауымдастықтың чемпионаты барлық талап-тілектерге сай өтетіндігін атап өтті. Биыл чемпион Сергей Аметов болды. Чемпионат барысында клуб мүшелері Мәскеу, Невский және бильярдтың Американдық үш түрі бойынша сынға түсіп, кәсіби тастаяқшылардай тастарды лузандан-лузаға қуалағанынан

куә болдық. Сондықтан Тәуелсіз кәсіпкерлер қауымдастығының «Бильярд клубы» еліміздегі ең мықты әуесқой клубтардың бірі десек қателеспейміз. Бүгінде кәсіпкер тастаяқшылар Алматы қаласындағы клуб аралық жарыстардың бәріне қалмай қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүргені белгілі.

Құрметті кәсіпкерлер «Бильярд клубтың» мүшесі болып, тастаяқ ойнап, шеберлігіңізді шыңдағыңыз келсе қатарға қосылыңыз.



жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Кәсіптің көзін тапқан әйелдер



Бизнес ледилар «Бизнесің жол картасы» бағдарламасы туралы көкейге түйген ойларын ортаға салды. Қазақтың ет тағамына арналған жаймамен отандық нарықты жауалап, енді Батыс Еуропаны бағындыруға күш салып отырған «Та-Мак» ЖШС директоры Гүлмира Қоңқашева. Бүгінде «Арзу» сауда белгісімен өнім

шығаратын компания өнімдерінің 10 пайызы экспортқа жөнелтілуде. Алдағы уақытта бұл көрсеткішті 22 пайызға көбейту көзделіп отыр. Ендігі меже – АҚШ нарығы. «Бұл үшін сапалық тексерістен өткізуге АҚШ-қа өнімдерімізді жібердік. Алдағы уақытта бұл нарыққа да жайма нан өнімдерін шығарамыз» дейді

Таяуда Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының басқарма төрайымы Ләззат Ибрагимова басқосуға кәсібін дөңгелетіп жүрген әйелдерді ерте келіп, ойларын ортаға салды.

Г.Қоңқашева. Оның айтуынша, қазақтың жайма нан өнімін көп тұтынатын Италия екен. Себебі бұл елдің «лазанья» деп аталатын ұлттық тағамына қазақтың жайма нанына ұқсас нан пайдаланылады. Сондықтан итальяндық аспаздар қамыр илеп, нан жауды жиыстырып тастап, қазақтың жайма нанын сатып алғанды жөн көріп жүр екен. Қазақстан нарығында 14 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан «Та-Мак» ЖШС бүгінгі таңда шетелдік технологиямен жұмыс істейтін зауытты жасақтап шығыпты. Ол үшін «Бизнесің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында компания 1 пайыздық үстемемен несиені алып, Италиядан заманауи үлгідегі жабдык сатып алған.

Ал келесі кәсіпкер «Астана Флора Интер» ЖК директоры Гүлнар Бекебаева «Бизнесің жол картасы» бойынша гүл

өсіретін жылыжай сатып алуға 3 млн теңге мемлекеттік грант алған. «Бизнесің жол картасы» бойынша Германияда оқып, тағылымдамадан өтіпті, сол елдің ландшафт саласындағы тәжірибесін оқып-үйренген ол, кәсібінің тасы өрге қарай дөңгелейтініне сеніп отыр. Себебі өзі биология ғылымдарының кандидаты, бұл саланың қырсырын жақсы біледі.

«Даму» қорының төрағасы Л.Ибрагимова кәсіпкер әйелдер, негізінен, өздері жұмыс істеген саладан кәсіп ашқанды қолай көретінін айтады. «Бізде өзінің стоматологиялық орталықтары мен медициналық орталықтарын ашып жатқан дәрігерлер көп. Білім беру орталықтарын ашқан әйелдер де аз емес. Олар бұған дейін репетиторлықпен айналысқан үздік педагогтар, енді өз бизнестерін ашуда» дейді ол.

Ләззат Ибрагимова, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының басқарма төрайымы:

– «Даму» қоры қор өз кәсібін енді бастап келе жатқан кәсіпкерлердің несиелерін 70 пайызға дейін кепілдендіре алады. Ал алғашқы несиенің ең үлкен мөлшері 20 млн теңгеге дейін жетеді. Бұл – кәсіп ашам деушілердің аяғынан тік тұрып кетуіне жақсы қолдау. Оның үстіне, Мемлекет басшысы жариялаған мораторий де шағын және орта бизнеске үлкен мүмкіндіктер береді. Ірі бизнес заңдық тексерістерден қашан да қорғана алады, себебі оларда кәсіби заң қызметі бар. Бизнесін тек өзі ғана жүргізетін кәсіпкерлер – ең қорғансыздар. Олар бәрін жалғыз өзі ғана атқарады. Өз ісін енді бастап келе жатқан кәсіпкерлердің осы тобы қорғауға алынып, аяқтарына тұрып кететін болады.

Қазіргі таңда Тәуелсіз кәсіпкерлер қауымдастығы арасында тастаяқтың «тастай батып, судай сіңгеніне» де біраз уақыт болды. Олар қолдарына килерін ұстап бильярд столын жағалағанда олар кәнігі тастаяқшылардан кем соқпайтыны анық. Солардың бірі Ерқанат Қайыпов мырза. Жасы біразға келсе де қолынан кийі түспеген ағамыз өткен жылы Тәуелсіз кәсіпкерлер қауымдастығының «Бильярд клуб» мүшелерінің арасында чемпион атанып, ауыспалы кубокке өз есімін айшықтап жазғаны есімізде. Жақында бильярдты өмірінің ажырамас бөлшегіне айналдырған ойыншымен шағын сұхбат құрған едік. Енді соған назар аударсаңыздар.

«Бильярд клуб» — екінші отбасымыз

— Ерқанат аға, бильярдты көптен бері үзбей ойнап келе жатқаныңызды білеміз. Сіз үшін тастаяқ ойыны хобби ма?

— Өз басым тастаяқты спорт деп білемін. Оның ішінде бір мезетте адамның интеллектуалдық өрісін кеңейтіп қана қоймай, физикалық қабілеттілігін арттырады. Тастаяқ — қозғалыс. Жайбасар деген ойыншының өзі ойынның бір партиясында 3-4 шақырым жол жүріп тастағанын аңғармайды. Осы себепті де дәрігерлер кабинетке қамалып отыратын кеңсе қызметкерлеріне, дене қозғалысында қиындығы бар сырқат жандарға тастаяқ ойнауға кеңес береді. Әсіресе, бүгілу мен бел жазу қимылдары адам мүсінің сымбатты қалпын сақтауға пайдалы десе, шарын нысанаға алу әрекеті көз жанарының көру қабілетін арттырады. Сондықтан тастаяқты соңғы жылдары үзбей ойнап жүрген жайым бар.

— Тәуелсіз кәсіпкерлер қауымдастығы мүшелері тастаяқты жандарына серік еткеніне біраз уақыттың

жүзі болды. Клуб мүшелерінің шеберлігі әбден толысқан шығар?


— Біздің қауымдастыққа мүше кәсіпкерлердің бильярдпен тұрақты түрде айналысып келе жатқанына он жылдан жылдан асып кетті. Кәсіпкерлерден құралған біздің командамыз қадағалаушы органдармен жиі кездесіп, талай рет жеңіске жеткен болатын. Осылайша біздер спортта да оңай шағыла салатын жаңғақ емес екенімізді сан мәрте дәлелдедік. Дағдарыс кезінде де кәсіпкерлердің қолдарынан кийлері түскен жоқ. Қауымдастыққа мүше шағын және орта бизнес өкілдері алдағы уақытта еліміздегі бильярд спортының дамуына өзіндік үлесін қосатыны сенімдімін.

— Кәсіпкерлердің кәсіпқой тастаяқшылармен кездесуі олардың шеберлігін ұштай түсетіні анық. Сіздер Қазақстан, Ресей, Украинаның белді тастаяқшыларымен кездесіп, шеберліктеріңізді шындадыңыздар. Олармен болған ойындар білкіліктеріңізді шыңдай түскен шығар?

— «Бильярд клуб» жетекшісі Жұмағұл Оразов біздің кәсіпқой тастаяқшылармен кездесіп, тәжірибемізді шыңдауға баса мән береді. Осыдан бірнеше жыл бұрын Алматыда өткен жарысқа арнайы келген Украинаның тастаяқшыларымен клуб мүшелері күш сынасқан болатын. Одан кейін Ресейден ат артып келген кәсіби тастаяқшылармен де шар соғыстырғанымыз есімде. Жалпы «Бильярд клубтың» қонақжай шаңырағында Ресей құрамасының белгілі тастаяқшылары бар өнерін көрсетіп қалуға тырысты. Олардың қатарында Владимир Петушков, Дмитрий Пивень, Вадим Визельгер сында жампоздар болғанын айта кетуім керек. Осы ретте қазақстандық тастаяқшылар Әуез Елубаев пен Ернар Шымбаевты да қонақтармен қосып шақырып, құрмет көрсеттік. Еліміздің намысын қорғап жүрген қос жігітке төрден орын беріп, ой бөліскеніміз әлі есімде.

— Бизнесіңіз ортақ мүддеге қол жеткізуде бильярд пайдасы бар шығар?

— Біздер күнделікті күйбең тірлікпен айналысып шаршағанда,



бильярд ойнап, шаршағанымызды басамыз. Сондықтан біз үшін бильярд айрықша демалыс болып тұр. Ойын барысында көкейде жүрген ойларымызды ортаға салып, пікірлесіп тұрамыз. Біздің клуб мүшелері тек тастаяқ ойнаумен ғана шектеліп отырған жоқ. Жазда жұбымызды жазбай Қапшағайға барып суға түсеміз. Ал қыста отбасымызбен мәре-сәре болып сырғанақ тебеміз. Тіпті, жұмыс барысында туындаған мәселелерді аразымызда талқылап, оның шешімін бірлесіп табатын кездеріміз де болады. Сондықтан біздер «Бильярд клубты» екінші отбасымыз санаймыз десек артық айтқандық болмас еді.

Қазіргі таңда біздің «Бильярд клуб» қоғамдық ортада кеңінен танымал. Алматы қаласында ұйымдастырылған барлық жарыстарға қатысамыз. Сондай-ақ, өз аразымызда және өзге де бильярд клуб мүшелерімен кездесіп, шеберлігімізді шыңдау да дағдыға айналған. Мемлекеттік органдардың қызметкерлерімен бильярд ойнап, талай рет жеңіске жеттік. Осылайша бизнес пен биліктің арасының жақындатуға өз үлесімізді қосып келеміз. Біздің клубыта Жұмабек, Асқар, Ербол, Максұт, Нұрғали сынды белді ойыншылары бар. Бұл жігіттерді кез келген жарысқа ойланбастан қатыстыруға болады.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Жауапты мамандар жауапкершілігін сезінсін


Үкімет басшысы қатысуымен Қаржы министрлігінде алқа мәжілісі болып өткен болатын. Жиын соңына қарай қорытынды сөз алған Премьер-Министр Серік Ахметов бүгінгі таңда жұмыс істеп жүрген салық қызметкерлерін кеңсе шенеуніктеріне теңеп, жұмыстың көзін таппайсындар деп сын садағына алды.

— Менің әлі есімде, осыдан бірер жыл бұрын қаржы саласында қызмет ететін бір топ мамандарды Грузияға арнайы іс-сапармен жібергенмін. Ол кезде мұнда министр Болат Жәмішев болатын. Тіпті, керек болса өз орынбасарымды да барған сол жаққа. Мақсат — Грузиядағы салық жүйесіне қатысты озық тәжірибелерді өз елімізге әкеліп енгізу еді. Шенеуніктеріміз қуана барып, таңырқап қайтты. Біз үлгі етіп алатын тамаша жетістіктері бар екен деп келген сол сапардан. Қазір бұл ел салық КБК (бюджетті классификациялық кодтау) жүйесі жағынан әлемнің үздік ондығына енеді. Яғни, КБК салы барынша азайтылған. Ал біздің елде мұндай көрсеткіш 213 деп министрдің өзі атап өтті жана. Осыны қысқартуға кірісуіміз керек дейді. Ол үшін алдымен жауапты мамандардың әрқайсысы өздерінің жауапкершілігін

сезінуі тиіс. Әйтпесе, олар істі ілгерілетудің әдіс-тәсілдерін, қолдану керектігін білмейді емес, біледі. Тек, ешбірінің бұл мәселеге құнттап білек түре кіріскісі жоқ, — деп кейіді Серік Нығметұлы.

Жиын барысында Мәжіліс депутаты Гүлжан Қарағұсова да сөз алып, салық қызметкерлерінің қызметіне көңілі толмайтындығын білдірді.

— Бізде қазір салық төлеудің токсандық кезеңдері өте күрделі мәселелермен шырмалып, тіпті, жүйке тоздыратындай халге жеткен. Мұндай қиыны кеткен саланы жетілдірсек, кәсіпкерлер салық төлеуден жалтарудың әрекетіне дендеп ене түсетін болады. Кәсіпкерлердің салық төлеу токсандықтарын барынша жетілдіріп, оңтайландыру арқылы істі жеңілдетсек, ел қоржынына қаржы түсірді ең тиімді жолы осы емес пе?! — деді Гүлжан Жанпейісқызы.



Бағдарлама ойдағыдай орындалуда

Таяуда Премьер-Министр төрағалық еткен Үкімет отырысында «Бизнесің жол картасы — 2020» бағдарламасының өткен жылғы орындалу нәтижелері қаралды. Сонымен қатар, Елбасының шағын және орта бизнес субъектілерін тексеруге мораторий жариялау туралы тапсырмасына сәйкес бағдарламаны жетілдіру мәселелері талқылады.

Аталған мәселелерге қатысты баяндама жасаған Өңірлік даму министрі Болат Жәмішев бағдарлама шеңберінде Индустриализация картасына кіретін жобалар да қолдау алатындығын атап өтті.

— Индустриализация картасының әрбір 4-ші жобасы бағдарлама арқылы қолдау табуда. Мұның аясында жоспарлы көрсеткіштің 400 млрд. теңгеден төмен болуына қарамастан, арзандатылған кредиттер 817 млрд теңгені құрады. Сөйтіп, Бағдарлама қатысушылары 728,3 млрд теңге шамасын-

да өнім шығарды, — деді министр.

Сонымен қатар, ведомство басшысы бағдарлама қатысушыларының әрбіріне тиесілі болып келетін қаражат көлеміне де тоқталып өтті.

— Орташа бағдарламаның 1 қатысушысына 202 млн. теңге кредиттік қаражаттан келеді және 784 млн. теңгеге өнім шығарып, 43 млн. теңгенің салығын төлейді. Ал әрбір қатысушыда орташа есеппен 86 адам шамамен 70 мың теңге еңбекақыға жұмыс істеп, еңбек өнімділігі 57 мың АҚШ долларын құрайды, — деді Болат Бидахметұлы.